

КӨНЕРГЕН СӨЗДЕРДІҢ ҚОЛДАНЫЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Әбутәліп Алтыншаш Ержанқызы

altyn01398@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті филология факультетінің студенті,
Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Г.Б.Мамаева

Әр ұлттың ұлттық бейнесін айшықтайтын материалдық және рухани байлығы болатыны, ол байлық ұлттың сана-сезім, жан-дүние, таным елегінен өтіп барып дүниеге келетіні, ал оны жеткізуші құрал тіл екені, тілін жоғалтқан халықтың өз тамырынан, тарихынан ұлт ретіндегі бейнесінен, болмысынан айырылатындығы белгілі бола бастады. Бұл әр ұлттың – қазақ этносының – өз тілін, тілімен бірге ұлттық мәдениетін тануға, ұлттық ерекшелігін сақтауға деген қажеттілігінің тууына себеп болды, тіл ғылымында тілді этнография мен социологияның шегінде зерттейтін этнолингвистика атты саланың жандануына әкелді.

М.Қашқари еңбегі – өз кезеңіндегі түркі тайпалары тілдерін араб лингвистикасының теориялық негізінде салыстырмалы, сипаттама әдісімен түзген, сөз мағынасын ашу ғана емес, оларға этимологиялық талдау жасалған, мәдени қарым-қатынастардың тілдегі әсерін көрсететін, түркі халықтарының этнографиясы, мәдениеті жайлы мәлімет беретін алғашқы этнолингвистикалық құнды еңбек. «Әрбір тайпаның тілінен сөз жасауға негіз болған түбір сөздерді алдым... Түрік халықтарының көрген-білгендерін толғайтын ақын-жырауларды, қайғылы да қуанышты күндерде шыққан мағынасы терең мақал-мәтелдерден мысал келтірдім, енді мұны пайдаланғандар кейінгілерге, олар өзінен кейінгілерге жеткізсін... Көмескілерін аштым, жарық еттім, қателерін жұмсарттым, түзеттім» – деп, автор тілдің қызметін де жан-жақты сипаттайды, «Түрік тілінің араб тілімен бәйгеге түскен екі атқа ұқсап тең шауып бара жатқанын» көрсетуді мақсат етеді [1, 31-32].

Этнолингвистика – тіл ғылымы мен этнологияның жай қоспасы емес, халықтың ақыл-ой, сана-сезімінің жемісі – рухани және материалдық мәдениетін, әдет-ғұрып, салт-дәстүр сияқты этносқа тән белгілерін тіл деректері арқылы сөйлететін тіл ғылымының саласы, тіл ғылымындағы бағыт [2, 13-15].

Академик Ә.Т.Қайдар этнолингвистиканың теориялық мәселелерін сөз ете келе, «этнос» пен «тілді» біз тым еркін, кең мағынада да, тар мағынада да қолдана береміз» - деп екі объектіні біршама нақтылауды ұсынады, себебі жер бетінде этнос көп, олардың сан жағынан, даму сатысы жағынан да біркелкі емес, халық, ұлт дәрежесіне жетіп, дамудың жоғарғы сатысына көтерілгендері де, ру-тайпа деңгейінде қалғандары да жоқ емес, «Қазақ этносы болса, бүгін өзінің шарықтау шегі – ұлт дәрежесіне көтеріліп отыр» [3, 10]. Этнолингвистикалық зерттеудің мақсатына қарай «этнос» терминін «этнос болмысы» ұғымымен, ал «тіл» дегенді «тіл әлемі» терминдерімен атауды ұсынады, академик Ә.Қайдар мұнда этнолингвистикалық зерттеулер этностың жеке мәселелері емес, оның тұтас бейнесін, барша болмысын анықтайды, ал осы этнос туралы толық мағлұмат оның тіл қазынасында сақталады деген ойды тілге тиек етеді. «Этнос болмысы» - этностың ұлттық бейнесі, тарихи тұлғасы және ол туралы реалды шындық. «Этнос

болмысы» - этностың сонау балаң кезінен бүгінгі есейген шағына дейінгі кешірген өмір тіршілігінің айнасы, оның тілі арқылы қалыптасып, жадында сақталып, ұрпақтан ұрпаққа мирас болып ауысып келе жатқан бас рухани – мәдени қазынасы» [3, 11]. Этнос тарихында археологиялық қазба деректері, көне ескерткіштер өте маңызды, бірақ олар этнос өмірінің бір бөлігі, бір елесі, «Этностың шынайы бейнесі, болмысы оның тілінде ғана, тілі арқылы ұрпақ жадында ғана сақталады екен» – деп, тілдің этнос өмір-тіршілігін бейнелеудегі ерекше ролін терең толғайды, этностың әр қырын танытатын деректердің басын біріктіріп этнос бітімі, табиғаты туралы тұтас бейне жасау, «тіл» атты құбылыстың үлесіне тиген құдірет, тіл – этностың өзі, өз суреті, сондықтан Ә.Қайдар «тіл әлемі» дегеніміз – этнос болмысына қатысты мыңдаған, тіпті, миллиондаған мағыналық бірліктердің жиынтығы, синтезі» – дейді [3, 16]. Ал көнерген сөздеросы этнос болмысын танытатын бағалы дерек, мағлұматтарды сақтауымен құнды. Көнерген сөздер – қазақ тілінің лексикасында өз орнын тауып, тіл тарихымен, осы тілде сөйлеуші ұлт тарихымен байланысты оқиғаларды сипаттауда, зерттеуде қолданысы аса маңызды болып табылатын атаулар екені белгілі.

Мәселен, келесі шумақтарда кездесетін архаизмдер жаугершілік заманға байланысты қолданылып, кейіннен ескірген:

*Ол емес және өзінің малын баққан,
Жалшы емес және байдың отын шапқан.
Кісіні ат етінен жек көретін,
Дау қуып, арыз айтып, биге шапқан.*

(«Кұлагер»)

Ақын лексикасындағы *дау қуу, арыз айту және биге шағу* тіркестерінің соңғысы тіркес пассив қабатқа еніп, қазіргі кезде алдыңғы екі сыңары ғана қолданылып жүр. Ал бұл тіркестің архаизмге айналуының себебі- «би» сөзінің ескіріп, біржола қалып қойған сөздердің қатарына еніп кетуі. Осы жолдардағы архаизмге айналған сөздердің бірі- «жалшы» сөзі. Байдың есігінде жүріп, күнін көретін кедейлерді бір заманда осылай атаған [4, 112]. Бұл сөзді дәуірі өзгеріп, басқа сөзбен ауыстырылған сөздер қатарына жатқызамыз. *Ілініп ханның байлау, матауына,*

*Азат бас айналды оңай ата құлга.
Күйшіні ертіп келіп есік ашты,
Мақпал бау, манат ойған отауына*

(«Күйші»)

Мұндағы *мақпал*- жылтыр, түкті, жұмсақ, қалың мата, ал *манат*- сырт киімдік құнды матаның атауы [5, 56]. Бұл көне маталар сол заманның тұрмысын, дәлірек айтқанда хан ұрпағының тұрмысындағы құнды заттарды көрсету мақсатында жұмсалып тұр.

*Үй іші сап-сары ала, жапқан зері,
Ақ күміс, ауыр тұман, кім зергері?
Ұстасы Көкшетаудың күміс шапқан
Бақан тұр сырға қылып сәукелені*

(«Күйші»)

Сәукеле – қазаққыздары ұзату тойында киетін оқалған сәнді, әшекейлі баскиім. Қазіргі кезде сәукелеге осылай анықтама беріледі, бірақ ертеректе сәукеле қыздардың жиын-тойларда, мерекелерде немесе тағы басқа ерекше саналатын күндері киетін бас киімі болатын. Ал, бүгінгі күні қыздар сәукелені өмірінде бір рет ғана киюі мүмкін. Бұл киімді киюдің себебі өзгергендіктен, атауын да пассив сөзге жатқыза аламыз. Ал, поэмада сәукеленің сол замандағы көп киілетін киімдердің бірі екендігі көрініп тұр.

*Қамаудың хан ауылы қыр жағында,
Аңқытып ақ орданың бір жағында,
Күйші отыр домбыраны дүрілдетіп,*

Құмар ғып тартқан күйдің ырғағына
(«Күйші»)

Немесе:

«Тыңдасын домбырамды хан тағында» –
Деп келген сорлы күйші атағына.
Айтылып хан жарлығы кете берді,
Қақтығып орданың бір шатағында
(«Күйші» поэмасы)

Үзіндідегі хан сөзіне түсіндірме сөздікте мынандай анықтама беріледі: «феодалдық дәуірдегі кейбір түрік және монғол халықтарында болған ел билеуші шонжар». Хан сол дәуірдегі ең бірінші адам, себебі барлық халық түгелімен сол адамға бағынатын.

Көнерген сөздер көнеру сипаты мен тілдегі қолданылу ерекшеліктеріне қарай архаизм және историзм деп бөлінетіні белгілі. Архаизм жаңа атаудың пайда болуына байланысты қалыптасса, тарихи сөздер заттар мен құбылыстың қазіргі заманда жоқ болуына байланысты пайда болады. Тарихи сөздердің қазіргі қазақ тілінде синонимдері болмайды, ал архаизмдерде ол бар. Дегенмен тарихи сөздер кейде жаңа ұғым үшін жаңа мағынада қолданылып, актив лексикаға енуі мүмкін. Мысалы, би сөзі дойбы ойынында дамқа ұғымында қолданылады. Қазы сөзі жюри ұғымында айтылып жүр. Мысалы, Ораз-Мухамедхан, - дейді Есеней әміршісінің алдын орап, - Кері кеткен заманда қара бақыр алтын таразыны тең басса, Есеней бек неге Итемген Исмайл пақырмен белдеспейді (М.Мағауин).

Тарихи сөздердің актив лексикадан шығу себебін білу оңай, өйткені түгелдей өткен өмірдегі қажетсіз зат, құбылыс, ырым, дінге байланысты сөздер. Ал, архаизмнің актив лексикадан шығу себебін түсіндіру біршама күрделілеу [6, 82-85]. Өйткені *будун* – сөзінің орнына араб тілінен енген халық, тілмаш сөзінің орнына аудармашы деген сөздердің келуін тілдің ішкі және сыртқы заңдылықтарымен дәлелдеу керек болады. Тарихи сөз өткен дәуірді баяндау мақсатында қолданылса, архаизм сонымен бірге көркем шығармада кейіпкер тілін даралау, ойнақы-ирония туғызу үшін пайдаланылады.

Қорыта келгенде, тарихты арқау еткен шығармалар – халқымыздың өткенінің айнасы. Сондықтан ертедегі халық өмірі мен олардың әрекеттерін, сөздері мен әдет-ғұрыптарын, салты мен дәстүрін, пайдаланған заттары мен киген киімдерін тарихи атаулар мен архаизмдерді, яғни көнерген сөздерді қолданбай жеткізу мүмкін емес.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Атабаева М. Қазақ тілі диалектілік лексикасының этнолингвистикалық негізі. – Алматы: «Білім», 2006. – 288б.
2. Болғанбайұлы Ә., Қалиұлы Ғ. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. Оқу құралы. – Алматы: «Санат», 1997. – 256 б.
3. Қайдар Ә. Қазақтар ана тілі әлемінде (этнолингвистикалық сөздік). – Алматы: Дайк-Пресс, 2009. – 784 б.
4. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі / Б.Қалиев. – Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2014. – 728 б.
5. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Дайк-Пресс, 1999. – 776 б.
6. Сарекенова Қ.Қ. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы: Оқулық. – Нұр-Сұлтан, 2010. - 152 б.